


# Saiga News



2005 ж. қысы: 2-ші шығарылуы

Сурет В. Смиринаникі

Ақбөкеннің экологиясы мен қорғау мәселелері жөнінде мәліметтер алмасу үшін бес тілде шығарылады

## Мазмұны

**Негізгі мақала – 16 бет**  
Э.Дж.Милнер-Гулланд Ақбөкенді сақтап қалу жөніндегі өзаратүсінісу меморандумына (ӨТМ) қол қойылды!

**Жаңалықтар - 2-3 беттер**  
Қытайда ақбөкенді сақтау және оның мүйізімен сауда жүргізуді басқару мәселесі СИТЕС кездесуінде талқыланды

Мәскеуде ақбөкен жөніндегі "Дарвин Инициативасы" және ИНТАС проекттеріне қатысушылардың кездесуі

Ресейде өткен мәжіліске қатысушылар тағы да ақбөкенді сақтап қалу үшін жедел шаралар қабылдаудың керектігін айтты

АҚШ-ның балық және құстары жөніндегі ұйымы Ресейде ақбөкенді сақтауды күшейтуді жақтайды

Ақбөкен өзіне жаңа қорғаушыны тапты

Ресейде ақбөкен туралы жаңа документальды фильм көрсетілді

Ресей таможенниктері Моңғолияға ақбөкен мүйіздерін заңсыз алып бара жатқандардың жолын кесті

Браконьерлер лайықты жазасын тартты Қазақстанда ақбөкенді сақтау программасы қабылданды

**Басылымдарға шолу – 3-4 бет**  
Чжи Юн «Жойылып бара жатқан түр екі жақтан көмек алады», China Daily, 31 май 2005 ж.

Сергей Наумов «Ақбөкендер және адамдар туралы». Tribune-uz, 22 август 2005 ж.

«Дала тәңірісіне» көмек керек». Қазақстанская Правда, 12 сентябрь 2005 ж.

**Ғылыми мақалалар –5-7 беттер**  
Ю. Арылов Қалмақ Республикасының жабайы жануарлар орталығы

А. Кан, С.Тзэньян Ганьсудегі (Қытай) қауіп төніп тұрған түрлерді өсіру орталығында ақбөкенді өсіру

Джол ван де Власаккер Гоби-Алтайдағы ақбөкендердің жағдайына баға беру

**Проекттілерге шолу – 7 бет**  
Орталық Азияда экологиялық жүйелер (Эконет) құру Қазақстанда «SOS – ақбөкен!» проектсі жүзеге асуда

Солтүстік-батыс Прикаспийде ақбөкендерді жердің жасанды серігі арқылы бақылау

**Жарияланған ғылыми жұмыстар – 8 бет**

## Ақбөкенді сақтап қалу жөніндегі өзаратүсінісу меморандумына (ӨТМ) қол қойылды!

Қоныс аударатын түрлер конвенциясына (ҚАТК) қатысушылардың 8-ші конференциясында ақбөкенді сақтау мәселесіне үлкен көңіл бөлінді. Ақырында, 2005 жылдың қараша айының 25-і күні ақбөкен немесе киік мекендейтін елдердің кейбіреуі оны сақтап қалу жөніндегі өзаратүсінісу меморандумына (ӨТМ) қол қойды.

ӨТМ-ге сәйкес, оған қол қойған елдер өзіне мынадай міндеттер алады: киікті тиімді қорғауды қамтамасыз ету және оның мекендейтін қоныстарын сақтау, ақбөкен популяциясын қалпына келтіру шараларын жүзеге асыру, аймақтық стратегияны орындау барысында көршілес елдермен және халықаралық байланысты күшейту, ақбөкен туралы жиналған мәліметтермен алмасу, ӨТМ-ды орындау мен оған мониторинг (бақылау) жүргізу үшін мәселені терең түсінетін орган тағайындау, атқарылған жұмыс туралы ҚАТК-ға есеп беру. ӨТМ оған қатысатын елдердің (Ресей, Қазақстан, Өзбекстан және Түркменстан) үшеуі немесе көбі қол қойған кезден бастап күшіне енеді. Найроби қаласындағы кездесуде оған тек Түркменстан ғана қол қойған. Сонан кейін қол қоюшылар арасында Моңғолия, IUCN (халықаралық табиғат қорғау қоғамы), WWF (дүниежүзілік табиғат қоры), халықаралық аңшылық және табиғат қорғау советі және ҚАТК секретариаты болды. ӨТК Өзбекстан өкілдерімен келісілді. Бұл ел айтылған документке алдағы Берлиндегі бас қосу кезінде қол қоюды жоспарлап отыр.

ӨТМ-ге қол қою – осы мақсатқа жету үшін көп еңбек сіңірген адамдар мен ұйымдар жұмысының нәтижелі аяқталуы болып табылады. Олардың арасында Роб Хелворт (Rob Herward) және Лайл Главка (Lyle Glowka), ҚАТК; Холи Дублин (Holly Dublin), IUCN-SSC; Робин Шарп (Robin Sharp), IUCN-SSC-тің тұрақты пайдалану мамандарының Европалық тобы; Сью Либерман (Sue Lieberman), халықаралық - WWF-International; Анна Луцкекина және Валерий Неронов, МАБ/ЮНЕСКО-ның Ресей комитеті және Елена Крейцберг, орталық Азияның қоршаған орта туралы аймақтық орталығы бар. Олар және ӨТМ-ге қол қоюды тездетуге атсалысқан басқалар ақбөкенді сақтауға мүдделі халықаралық қауымдастықтың алғысына бөленді.

ӨТМ-ны Элистада (Калмакия) 2002 ж. өткен ақбөкенді қорғау жөніндегі халықаралық мәжілісте қабылданған болатын. Бұл мәжілісте ҚАТК үшін ақбөкенді сақтау шаралары жоспарының жобасы жасолған болатын. Оны орындау - ӨТМ-ның басты мақсаты. Меморандумға қол қоюға дейін біраз кедергілер мен қиындықтар болды; бұл процесс әлде аяқталған жоқ, әйткені оған басқа да қатысушы елдер қол қоюы керек. Қол қоюшылардың ішінде Моңғолияның болуы сөз жоқ, жетістік, бірақ оның келешекте ақбөкенді сақтаудың халықаралық процесіне қатыстыруын қамтамасыз ету қажет.

Айтайық, ӨТМ жақында өз күшіне енеді дейік. Сонда бұл жағдай ақбөкенді сақтауға қалай әсер етеді? Шынында да, ӨТМ бұл түрді сақтауда халықаралық қарым-қатнасты күшейтуге және аңның таралған елдері мен халықаралық қоғамдық ұйымдардың үйлесімді жұмыс істеуіне көмектеседі; сондай-ақ істелген жұмыс туралы есеп береді. Ол жаңа мүмкіндіктерді пайдаланып, проекттің табысты орындалуына қаржылар табуына көмектеседі. Ақбөкенді сақтау мемлекеттік деңгейде қолдау тауып, ҚАТК тиімді жұмыс атқарады деп сенеміз.

Келешекте тиімді жұмыс істеу үшін ақбөкен мекендейтін елдерде оның қазіргі жағдайына талдау жасау арқылы негізгі атқарылатын жұмыстардың ӨТМ-ның негізгі бағыттарына сәйкестендіру қажет. Қандай жұмыстар негізгі бағыттар болып табылады? Меніңше, аңның мекендейтін қоныстарын қорғау, заңсыз аң аулауды тоқтатуға қарағанда, негізгі бағыт болып саналмайды. Жалпы алғанда, қазірде ақбөкен мекендейтін жерлер, бұрынғы кезбен салыстырғанда, жақсы жағдайда, ал осы уақытқа дейін браконьерліктің жолын кесу қиынағ айналып отыр. Деседе, ӨТМ-ге қол қойылуы және атқарылатын жұмыстар жоспары бұл жобаның орындалуына тағыда басқа қатысушыларды тартуға мүмкіндік береді. Сонымен, ақбөкенді қорғап, сақтауда ӨТМ жаңа қадам жасады. Келешекте дұрыс жоспарланған және дер кезінде көрсетілген қаржылай көмек – ақбөкен таралған елдерде бұл аңның сақталуы мен қорының көбеюіне зор әсерін тигізеді.

Э.Дж. Милнер-Гулланд, Лондон Империял колледжі, бұл тақырыптың мәліметтерін таба аласыңдар мына сайттан:

<http://www.iisd.ca/cms/cop8/nov23.html>

[http://www.panda.org/news\\_facts/newsroom/index.cfm?uNewsID=51880](http://www.panda.org/news_facts/newsroom/index.cfm?uNewsID=51880)

on the move to  
**2010**



Р.Хелворт (ҚАТК) және М.Акмұрадов (Түркменстан) ақбөкен жөніндегі ӨТМ-ге қол қойғаннан кейін. Артқы жақта Өзбекстан мен Моңғолия делегаттары, аңшылық пен табиғат қорғаудың халықаралық советінің, IUCN және WWF - International өкілдері. Сурет саумма: <http://www.iisd.ca/cms/cop8/nov23.html>

**Редакция алқасы.** Ұлыбритания: Э.Дж.Милнер-Гулланд, Лондон Империял колледжі ([e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk)); Қазақстан: А.Бекенов и Ю.Грачев, зоология институты ([terio@nursat.kz](mailto:terio@nursat.kz)); Қытай: А.Канг, WCS Қытай ([ygling@online.sh.cn](mailto:ygling@online.sh.cn)); Моңғолия: Б. Лхагвасурен, Биология институты ([ecolab@magicnet.mn](mailto:ecolab@magicnet.mn)) және Е.Онон, WWF-Моңғолия ([mpo-species@wwf.mn](mailto:mpo-species@wwf.mn)); Ресей: Ю.Арылов, Қалмақ Республикасының жабайы жануарлар орталығы ([kalmalsaigak@elista.ru](mailto:kalmalsaigak@elista.ru)) және А.Луцкекина, экология және эволюция проблемалары Институты ([mab.ru@relcom.ru](mailto:mab.ru@relcom.ru)); Түркменстан: Дж.Сапармуратов, шөл, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің ұлттық институты ([sjuma@untuk.org](mailto:sjuma@untuk.org)); Өзбекстан: Е.Быкова және А.Есипов, зоология Институты ([esip@tkt.uz](mailto:esip@tkt.uz)).

Сіздерді көрсетілген бес тілдің бірінде жазылған материалдарыңызды жіберуге шақырамыз. Оларды мына адреске жіберіңіздер: [esip@tkt.uz](mailto:esip@tkt.uz) немесе редакторлардың біріне. Бюллетень жылына екі рет шығады.

Бұл басылымды мынадай online табуға болады: <http://saigak.biodiversity.ru/publications.html>, [www.iccs.org.uk/saiganews.htm](http://www.iccs.org.uk/saiganews.htm) және <http://www.wildlifewarden.net/wcs/mini/Saiga-Chinese.pdf>, сондай-ақ pdf-ден немесе оның көшірмесін ағылшын, қазақ, қытай, моңғол және орыс тілдерінде өздеріңнің мәлімдемелерің бойынша алуға болады.

Шығуына қаржыдай көмектескен



Қосымша қаржы:



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАР



Convention on International Trade in  
Endangered Species of Wild Fauna and Flora

### Қытайда ақбөкенді сақтау және оның мүйізімен сауда жүргізуді басқару мәселесі СИТЕС кездесуінде талқыланды

2005 ж. август айының 31-і Пекинде (Қытай) ақбөкенді сақтау мен онымен сауда жасау туралы СИТЕС (Жойылып кету қаупі бар жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда жасау конвенциясы) секретариатының мәжілісі болып өтті. Онда сондай-ақ СИТЕС-дің «Жібек жолы» программасын енгізу туралы (22-24 август 2005 ж., Урумчи, Қытай) Халықаралық семинардың көпідемесі де қаралды. Кездесу кезінде әртүрлі мемлекеттік ұйымдардың арнаулы өкілдері (Қытайдың мемлекеттік орман комитетінің табиғат қорғау бөлімі, ондағы СИТЕС өкілдігі, азық-түлік және дәрі-дәрмек жөніндегі мемлекеттік комитеті, мемлекеттік кеден комитеті, денсаулық сақтау министрлігі, дәстүрлі Қытай медицинасының мемлекеттік комитеті (TCM – Traditional Chinese Medicine), сонымен бірге Қытай табиғатын сақтау ассоциациясының өкілдері, Қытайдың қауіп төнген түрлер туралы мемлекеттік комиссиясы және Халықаралық табиғат қорғау қоғамының өкілдері контрабандалық жолды тоқтату және дәстүрлі қытайлық дәрі-дәрмек өндіруді, үкіметтің ақбөкен мүйізімен сауда жасауды реттеу туралы атқарған жұмыстарының нәтижелерін баяндады. Мәжілістің қарарына ақбөкен өнімдерімен сауда жасау және оны сақтау жөніндегі ұсыныстар енді:

1. Жаңа дәрі-дәрмек түрлерін зерттеп табу және алмастыру өндірісін дамыту ұсынылды;
  2. Дәрігерлерге ақбөкеннің қазіргі жағдайы және оның мүйізін пайдалануды шектеу туралы мәліметтер беру;
  3. Қытайдағы ақбөкен мүйізінің қорын анықтау және онымен сауда жасауды бақылау үшін таңбалау (маркировка) системасын енгізу керек;
  4. Дәстүрлі қытай медицинасының сұранысын қанағаттандыру үшін ақбөкенді арнаулы фермаларда өсіруді жолға қою қажет.
- Қосымша мәліметтерді Аили Каннан аласыздар (Aili Kang), [yqling@online.sh.cn](mailto:yqling@online.sh.cn)

### Мәскеуде ақбөкен жөніндегі «Дарвин инициативасы» және ИНТАС проекттеріне қатысушылардың кездесуі

2005 ж. август айының 15-16-і күні Мәскеуде Дарвин инициативасы «Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту үшін ақбөкенді қорғауды пайдалану» және ИНТАС «Ақбөкеннің көбею экологиясы» проекттеріне қатысушылардың атқарылған жұмыс нәтижелерінің қортындыларын және келешектегі бірлесіп жұмыс істеу жоспарын талдау үшін халықаралық мәжіліс өтті. Ресей мамандарынан: Қалмақ Республикасы экологиялық жобалар орталығы жұртшылықты ақбөкенді сақтау жолдары және ол туралы әртүрлі хабарлармен қамтамасыз ету программасының орындалу барысы (Р.Меджидов), «Степной» қорықшалары қызметкерлерінің браконьермен күресу жұмыстары туралы (А.Хлуднев) және Қалмақ Республикасының жабайы жануарлар орталығының жетістіктері жөнінде (Ю.Арылов) баяндамалар тыңдалды. Г.Эрденев («Черные земли» биосфералық қорығы) ақбөкен экологиясы туралы мониторинг бақылау программасы бойынша алынған мәліметтерді баяндады. В.Вознесенская (Экология және эволюция проблемалары Институты, Ресей) Қалмақ Республикасының жабайы жануарлар орталығы мамандарымен бірігіп істеген буаз аналықтардың гормондарын зерттеу жұмысының нәтижесімен таныстырды.



Ақбөкен мәжілісіне қатысушылар. Солдан оңға қарай: В.Неронов, А.Хлуднев, Н.Арылова, Ю.Арылов, А.Луцекина, А.Бекенов, Р.Меджидов, В.Вознесенская, А.Кюль, Г.Эрденев, Э.Дж.Милнер-Гулланд, Т.Айлетт, А.Есипов, Ю.Грачев, Д.Маллон, Е.Быкова

Қазақстандағы 2005 ж. көктемгі ақбөкенге жүргізілген санақ жұмыстары және Үстіртте аңның өніп-өсуі туралы түбегейлі баяндалды (Ю.Грачев, Зоология институты). В.Украинский (Қазақстан аграрлық университеті) Бетпақдалада жүргізілген зерттеу нәтижесінде жергілікті халықтың ақбөкенге деген қатысын хабарлар етті. Т.Айлетт (фауна мен флораның халықаралық қоры) Үстірттегі елді мекендерде кіші қорларға арналған программаларды дамыту идеясымен бөлісті. Ақбөкендердің қыста қоныс аударатын Үстірттің оңтүстік бөлігіндегі әлеуметтік және экологиялық жағдай туралы Өзбекстан мамандары (Е.Быкова, А.Есипов) мәлімет берді. Олар онда бұл тұяқтың бүкіл жыл бойы мекендейдінін дәлелдеді. В.Маллон (Халықаралық табиғат қорғау қоғамының бөкендерді зерттейтін мамандар тобы) және В.Неронов (МАБ/ЮНЕСКО-ның Ресей комитеті) ақбөкенді сақтау саласында халықаралық жағдайда қандай жұмыстар істеліп жатқанын баяндап берді. Сондай-ақ проекттілер бойынша орындалған өздерінің зерттеулері туралы үш жас ғалымдар Мәскеуден (А.Вознесенская), Элистандан (Н.Арылова) және Лондоннан (А.Кюль) әңгімелеп берді. Кездесуде А.Мисаилов пен И.Шпиленканың «Ақбөкен-дала символы» фильмі көрсетілді.

«Дарвин инициативасы» және ИНТАС проекттері жөніндегі қосымша мәліметтерді Э.Дж. Милнер-Гулландтан ала аласыздар (E.J. Milner-Gulland), [e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk) және [www.iccs.org.uk](http://www.iccs.org.uk)

### Ресейде өткен мәжіліске қатысушылар тағы да ақбөкенді сақтап қалу үшін жедел шаралар қабылдаудың керектігін айтты

2005 ж. июнь айының 3-4 күні Королевада (Мәскеу обл.) «Ресейдің жабайы жануарларын жыртқыштық жолмен пайдалану: проблемалар және оларды шешу» атты Бүкілресейлік конференция өтті. Осы конференцияның аймағында «ақбөкенді сақтау» жөнінде арнаулы шешім қабылданды. Онда Ресей фаунасының ішінде нағыз қауіп төніп тұрған түр есебінде ақбөкенді қорғап, сақтау үшін жедел шаралар қолдану қажеттілігі сөз болды.

Ресей Ғылым Академиясының биологиялық әртүрлілікті сақтау комиссиясы және Ресей Ғылым Академиясының жанындағы Териология қоғамы (сүтқоректілерді зерттейтін қоғам) «Ресейде ақбөкенді ұстау мен қолда өсіру тәжірибесі» атты кеңес өткізді (10 октябрь 2005 ж., Мәскеу). Мәжіліске қатысушылар Ресейде ақбөкенді ұстау және қолда өсіру тәжірибелермен алмасты, сонымен бірге бұл аңды питомниктер жағдайында сақтаудың келешек жұмыстарының стратегиясын анықтады. Осы екі мәжіліс туралы толық мәліметтерді аласыздар мына сайттан: <http://www.saiqak.biodiversity.ru/>

### АҚШ-тың балық және құстар жөніндегі ұйымы Ресейде ақбөкенді сақтауды күшейтуді жақтайды

2005 ж. июнь айының 22-і күні АҚШ-тың балық және құстар жөніндегі ұйымы «Черные земли» биосфералық қорығының қызметкерлерін радиостанциямен және басқа да құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету үшін 23400 доллар қаржылай көмек көрсететін жария етті. Қорық шекараларына арнаулы белгі қою және Яшкель ауданындағы (Қалмақия) ақбөкен питомнигі территориясындағы келушілерге арналған Орталық құрылысын салуға аздап қаржы бөледі. Толығырақ сайтта [http://usembassy.ru/embassy/releaser.php?record\\_id=48](http://usembassy.ru/embassy/releaser.php?record_id=48)



«Яшкель» ақбөкен питомнигі территориясындағы келушілерге арналған жаңа Орталық. Сурет А.Луцекинікі

### Ақбөкен өзіне жаңа қорғаушыны тапты

Беделді ұлттық және халықаралық ұйымдармен қатар ақбөкенді сақтауға «ИТЕРА» мұнайгаз компаниясы қосылды. Бұл Қалмақ Республикасында мұнайгазды іздеуші компания. Қалмақ Республикасы Үкіметі бөлген ақбөкенді қолда өсіруге арналған питомник территориясын (800 га) қалпына келтіру үшін компания оған белгілі мөлшерде қаржы аударды. «ИТЕРА» ақпарат құралдары айтқандай, ақбөкеннің қалмақ популяциясын сақтау проблемасы – компанияның экологиялық қызметіндегі бірден-бір басты бағыты болып табылады.

Толығырақ: <http://www.tver13.org/archive/archive.htm>

### Ресейде ақбөкен туралы жаңа документальды фильм көрсетілді

Биылғы жылы ресей кинодокументалистері Александр Мисаилов пен Игорь Шпиленканың «Ақбөкен - дала символы» атты жаңа фильмі жарық көрді. Ақбөкен дағдыры негізінен дала бағдырымен байланысты. Бұл аңды жаппай қырып-жою және өткен ғасырдың екінші жартысында тың жерлерді жаппай жырту бұл екеуінің де жағдайына қауіп төндірді.

Фильмде браконьерлер, табиғат қорғау инспекторлары мен жергілікті тұрғындардың арасындағы әңгімелері, кинохроника кадрлері және поэзия көріністері орын алған. Өйткені, жануардың дағдыры адам дағдырымен тығыз байланысты ғой. Сондықтанда олардың дағдыры ешкімді де немқұрайлы қалдырмайды. Алғаш рет фильм 2005 ж. август айында табиғат қорғау орталығында, одан кейін қалмақ Республикасының теледидарында көрсетілген.

Толығырақ мына: <http://www.biodiversity.ru/programs/saigak/news/061005.html>

### Ресей таможенниктері Моңғолияға ақбөкен мүйіздерін заңсыз алып бара жатқандардың жолын кесті

2005 ж. август айының 12-сі күні Наушкин (Забайкалье) кеден қызметкерлері Моңғолияға 67 ақбөкен мүйізін (11 кг) заңсыз алып бара жатқандарды ұстады. Мүйіздер Моңғолия азаматынан алынды. Осы факті бойында административті іс «РФ-сы кеден шекарасы арқылы заңсыз товарлар айналымы» статьясы бойынша қозғалды. Бұл статья бойынша ұсталған товар құнынан үш есе көп мөлшерде айып ақша төлеуі керек және товар конфискуленеді.

Толығырақ мына: [http://www.amic.ru/news/?news\\_id=687](http://www.amic.ru/news/?news_id=687)

### Браконьерлер лайықты жазасын тартты

2005 ж. ноябрінде Ақтөбе облысы ішкі істер департаментінің табиғат қорғау полициясы қызметкерлері орман шаруашылығы мамандарымен бірге Бозой поселкасының (Шалқар ауданы) маңында заңсыз ақбөкен аулап жүрген екі браконьерді ұстаған. Олар екі киікті атып алып, мемлекетке 600 мың теңге (4.4 мың доллар) шығын келтірген. Бұл факті бойынша қылмық іс қозғалған. Жалпы, жыл басынан бастап, полиция қызметкерлері заңсыз ақбөкендерді атқан 7 жағдайды анықтаған. Барлық фактілер бойынша қылмыстық іс қозғалған. Мысалы, 2005 ж. июнь айында Қазақстан территориясында (Үстіртте) заңсыз аңшылық жасаған Өзбекстанның екі азаматына Шалқар аудандық соты үкім шығарған. Аулауға тиым салынуына қарамастан, шетелдіктер 9 ақбөкенді атып алған. Осындай қылмыстары үшін олар екі жыл бас бостандығынан айырылған және 1.4 млн. теңге (10.4 мың доллар) айып ақша төлейтін болған. Толығырақ мына:

<http://www.earthwire.org/kz/account.cfm>



Инспекторлар тобы. Сурет Дж.-Ф. Лагротанікі

### Қазақстанда ақбөкенді сақтаудың жаңа программасы қабылданды

Үкіметтің қаулысымен ( 25 март 2005 ж. №267) 2005-2007 жылдары «сирек кездесетін және жойылып бара жатқан тұяқты аңдарды және ақбөкенді сақтау программасы» қабылданды. Оны ҚР БҒМ-нің Зоология институты және АШМ-нің орман және аңшылық шаруашылығы комитеті дайындаған. Биылғы жылы, министрдің айтуынша, бұл программаның жүзеге асырылуына республикалық бюджеттен 180 млн. теңге (1.3 млн. доллар) бөленеді..

## Басылымдарға шолу

**Қытай:** *China Daily*, 31 май 2005 ж.

### Жойылып бара жатқан түр екінші жақтан көмек алады

Дәстүрлі қытай медицинасының (ТСМ - Traditional Chinese Medicine) өкілдері және табиғат қорғау ұйымдарының қызметкерлері ақбөкенді сақтап қалу жолдарын талдау үшін кездесті. Кездесуге қатысушылар саны азайған ақбөкен популяциясын қалпына келтіру жөнінде бірлесіп жұмыс істеумен қатар дәстүрлі қытай медицинасын тұрақты дамыту туралы да келісті. «Біз ТСМ-де ақбөкен мүйізін пайдалануды бақылауымыз керек», - деді Чжан Факуй, ТСМ ассоциациясының төрағасы.

Соңғы жылдары азық-түлік және дәрі-дәрмек жөніндегі мемлекеттік комитет жүрек ауруын және тұмауды емдеу үшін қолданатын дәрілердің негізгі бөлігі ақбөкен мүйізінен тұратын ТСМ-ның жаңа ұсыныстар пакетін қабылдады ТСМ Қытай Академиясының негізгі теория институтымен бірлесіп ғылыми жұмыс жүргізген проф. Чжоу Чфофаньның пікірі бойынша, ақбөкен мүйізін жоғарыда көрсетілген ауруларды емдеу үшін пайдалану бұл шикізатқа деген сұранысты күшейтеді және жойылып кету қаупі бар түрге сұранысты одан сайын арттырады. Ақбөкен мүйізі көбіне қауіпті ауруларды емдеуге пайдалану қажет, ал басқа жағдайда пайдалануды қатаң бақылауға алу керек. Табиғат қорғау саласында жұмыс істейтін Аили Кан қазіргі қиын жағдайдан шығу үшін ақбөкен мүйізінің орнына қоры қауіп тудырмайтын түрлердің өнімдерін пайдалануды және синтетикалық ауыстырғыштарды іздеу керектігін баяндады.

Қытайдан тыс елдерде ақбөкен санының азаюының бірінші себебі - Орта Азияның кедей ауыл тұрғындарының есепсіз көп аулауы. Ақбөкеннің текелерін атып алған браконьерлер жақсы табыс табады. Олар 1 кг мүйізді 100 доллардан сатады. Соңғы жылдары қытайдың баспасөз мәліметтеріне қарағанда, Қытай кененінде 115 рет ақбөкен мүйізін алып бара жатқан контрабандистер ұсталған.

Ақбөкен мүйізін ТСМ-нің дәрілік шикізаты есебінде пайдаланылғанына 2000 жылдан асты. Көп жылдар бойы бөкендер (антилопы) мүйіздерінің ішінде ең тиімділігі ақбөкен мүйізі деп саналды. Соның салдарынан ТСМ сарапшылары ақбөкеннің жойылып кету қаупі барлығына мазасынады. ТСМ мамандары, сонымен қатар, табиғи және синтездік әдіспен алынған ауыстырғыштардың қашанғы сенімді екенінен де қауыптенеді.

2001 ж. зерттеуші мамандар үй ешкілерінің мүйізінен алынған бірқатар дәрігерлік препараттардың ауыстырғыш есебінде ақбөкендер мүйіздерінің орнына пайдалануға болатындығын анықтады. Жабайы жануардың табиғаттағы қалған бөлігін сақтаудың екінші альтернативтік әдісі – ақбөкенді Қазақстаннан және Ресейден әкеліп, медицинаның қажеттілігі үшін аң фермаларында өсіру.

Чжи Юн

Толығырақ мәліметтер мынада: [http://www.chinadaily.com.cn/english/doc/2005-05/31/content\\_447068.htm](http://www.chinadaily.com.cn/english/doc/2005-05/31/content_447068.htm)

**Өзбекистан:** *Tribune-uz*, 22 август 2005 ж.

### Ақбөкендер мен адамдар туралы

...Қызыл қанға боялған жер мал сойылатын цехқа ұқсап кетті. Жаңа 2005 жыл басталуына екі жеті қалғанда табыс табу үшін адамдар қорғаныссыз жануарларды үлкен жазаға ұшыратты және ... өзінің ұрпақтарын көне дәуір куәсі – ақбөкендерді көруден айырды. Өткен жылы қыста Қоңырат-Бейнеу теміржолының маңында жылы мекендерінен қоныс аударып келе жатқан жүзден астам ақбөкендер браконьерлердің олжасы болды. Тілсіз мақұлықты қорғайтын ешкім болмады.

Браконьерліктің өзіндік себептері бар. Ақбөкен текелерінің бір килограмм мүйізі 30-дан 70 долларға дейін тұрады, ал Қытайда, Сингапурда және Малайзияда оған деген сұраныс өте жоғары. Зоологтар дабыл қағады, өйткені барлық ересек текелерді атып бітірді (3 жастан жоғары текелер қазірде кездеспейді). Енді аңның жас текелерінің мүйізін дайындауға кірісті. Бұрын тиімсіз болған- дықтан оларды «ауламайтын». Атып алған ақбөкеннің мүйізін ғана алып, етін сол жерге тастап кететін. Сауда – саттықпен айналысып жүрген саудагерлер арқылы мүйіздер Қазақстан арқылы «Аспан астындағы әлемге (елге)» жеткізіледі; онда оның бағасы 10 еседен аса өседі. Соңғы жылдары ауыл тұрғындарының әлеуметтік – экономикалық жағдайларының қиындай түсуіне байланысты мүйізі мен еті үшін ақбөкенге аңшылық жасау жалғасып келеді. Үстірт аймағында бір кг ақбөкен еті 800-ден 1.5 мың сом (0.8-1.5 доллар) тұрады. Онда сұраныс көп болғандықтан браконьерлер бұл бағалы аңды аяусыз қырады. Шынын айту керек, «Қазақтардың» «Өзбектерді» кінәлауы заңды да. Өйткені, жалпы ақбөкендер қорын, негізінен, қазақстандықтар қорғайды, ал біз, «Өзбектер», әрбір қыс сайын олардың ауыр еңбектерінің жемісін жойып отырамыз (біздің территорияда үстірт популяциясының орташа үштен бірі қыстайды).

Ғалымдардың зерттеуі қызықты фактілерді анықтады. Адамдар Үстіртте 30-жылдан аса тұрақты тұрады. Олар мұнда әр жақтан келген. Ақбөкен Үстірт территориясын көне дәуірден бастап мекендейді. Адамдар Советтік дәуірде қалыптасқан мәдениетті әкелді. Бірақ бұл көшпенділер мәдениетті емес еді. Өйткені мал бағатын олардың жергілікті тіршілігі табиғат құбылыстармен тығыз байланысты болатын.

Бірақ проблеманы шешуге болады. Оған мысал – Ресей мен Қазақстан. Халықаралық проектiлер жүзеге асуда; оған Өзбекстанда қатысады. Бұл проблеманы шешуге ынталы адамдар бар. Атқарылған жұмысты дымыта отырып, алынған ұсыныстарды практикада пайдалануды қарастыру керек. Ол үшін қоғамның және үкіметтің қолдауы қажет. Ал, іс жүзінде ше?

Адамдар үшін браконьерлік – ауыр жағдайда өмір сүрудің бір жолы. Аңшылық жасауға және алынған өнімдерге үкімет тарапынан бақылаудың жоқтығы жергілікті тұрғындардың осындай кәсіппен айналысуына мәжбiр етті. Үстірттің әрбір елді мекенінде браконьерлердің «жұмыс істейтін» өз бригадалары бар. Қарақалпақия поселкесінде тұратындардың жүзден аса мотоциклдері бар.



Ақбөкеннің мүйізі кесіліп алынған бас сүйегі. Үстірт, сурет А.Есиповтікі

...Күзде ақбөкеннің дәстүрлі қоныс аударатын Үстірттің батыс бөлігінде Қоңырат-Бейнеу темір жолының екі жағынан қазіргі рақымсыз адамдардың іздерін бақылауға болады: мүйізі кесіліп алынған аңның бас сүйегі, қаңқалары, сирақтары әр жерде шашылып жатыр. Күнге күйген ақбөкеннің ақ сүйектері динозаврлардың үйіндісі сияқты көзге шалынады. Ауыл тұрғындары бүкіл жыл бойы ақбөкен атумен айналысады. Дала аруы-өмір сәні екенін ескеде алмайды. Саны сиреп кеткен ақбөкендер басына пана іздеп Үстірт даласында жортып жүр.

Сергей Наумов, толығырақ сайтта: [www.tribune-uz.info](http://www.tribune-uz.info)

**Қазақстан:** *Казахстанская Правда*, 12 сентябрь 2005 ж.

### «Дала тәңірісіне» көмек қажет

*Туған табиғатты қорғау, экология мен қоршаған ортаға қамқорлық – актуальды міндеттер; ол туралы республикалық деңгейде әңгіме көтеріледі. Мәжіліс депутаты Рауан Шаекин «Мемлекеттік табиғи – қорық фондаларын дамыту проблемасы мен келешегі» деген тақырыпта парламенттік тыңдау өткізудің бастаушысы болды. Онда басқа да көптеген мәселелермен қатар ақбөкен популяциясын қалпына келтіру мәселесі де талқыланды.*

Депутаттың пікірінше, бүкіл республика бойынша ақбөкенді қалпына келтіру жөніндегі атқарылған жұмыстардың нәтижесі алдымызда. Біріншіден, қабылданған мемлекеттік программа Қазақстанда таралған бұл аңның өсуіне кедергі келтіріп отырған факторлар әсерін азайтуға мүмкіндік туғызды. Жыл сайын республикалық бюджеттен ақбөкеннің кәсіптік қорын қалпына келтіруге көп қаржы бөлінеді. 2005-2007 жылдары саны сирек және жойылып бара жатқан тұяқты аңдар мен ақбөкенді сақтау мен қалпына келтіру программасын жүзеге асыруға 686 млн. теңге (5 млн. доллар АҚШ) жоспарланып отыр. Программада жаңа ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ұйымдастыру, ал бұрынғы қорғалатын табиғи аумақтарды қайта құру, онда кордондар салу, тәулік бойы қорғау жұмысын жүзеге асыратын бригадалар құру және тағы да басқа ақбөкенді сақтауға арнылған шаралар да қамтылған. Жануарлар мекендейтін және олардың қоныс аударатын жолдарындағы елді мекендерде тұрғылықты жұртшылықтың арасында үгіт-насихат және түсіндіру жұмыстарын жүргізуде белгілі роль атқарады. Жергілікті халықтардың әл-ауқаттарының кейінгі жылдары өсуі де әсер етті. Деседе, браконьерліктің әсері әлі де күшті. Қазірде еңбек етуге және жұмыс істеуге мүмкіндік болғандықтан көптеген адамдар ақбөкенді атуды негізгі кәсіп деп есептемейді. Ауылда қысқа киік етін дайындамайды; олардың көбінде үй малдары көбейді. Соңғы жылдары кеден органдары саналы әрі профессиональды жұмыс істейді: ақбөкен мүйіздерін республикадан тыс елдерге шығып кетпеуін бақылайды. Міне, бұл айтылғандар кейбір проблемаларды шешуге көмектесті, бірақ жануарлардың саны әлі де айтарлықтай өспей отыр.

Парламенттік тыңдаудың нәтижесінде Үкімет үшін бірқатар ұсыныстар дайындалды. Мәселен, ақбөкенді Қазақстан қызыл кітабына енгізу туралы ұсыныстар болды және Қарағанды облысының оңтүстік-батысында (Сарысу өзенінің оң жағалауы) мемлекеттік қорық ұйымдастыру (жер көлемі - 6 мың шарты шақырым) туралы сөз қозғалды. Бірақ, парламенттік тыңдаудан кейінде жылдан аса уақыт өтсе де, айтарлықтай өзгерістер болғаны сезілмейді, өйткені жергілікті өкімет экологиялық мәселелерді шешуге мүдделі емес. Киіктердің қорын молайтуға бағытталған мемлекеттік шаралардың тиімділігі көп жағдайда қаржыға байланысты. Программаны жүзеге асыруға қаражат әзірге республикалық бюджеттен түсіп жатыр, дегенменде, бұл шараның жүзеге асуына жергілікті бюджеттен де қаржы бөлінуі тиіс. Бірақ жергілікті әкімдерге бұл мәселе актуальды емес сияқты. Р.Шаекиннің пікірінше, ақбөкен популяциясын өсіру үшін мемлекеттік қорғау шараларымен бірге жануарларды қорғайтын қоғамдық қозғалыстарды дамыту тәрізді бірлескен жұмыстар атқарылуы қажет. Келешек ұрпақтар арасында экологиялық білім, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу керек. Мұнымен бірге, ақбөкенді қолда өсіру жөнінде ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақбөкен лақтайтын жерлерде және қоныс аудару жолдарында ерекше қорғалатын табиғи территориялар ұйымдастыру және аң популяцияларын тұрақты бақылау (мониторинг) жұмыстарын қолға алу қажет. Ақбөкендер қыстап шығатын Түркменстан мен Өзбекстан сияқты елдермен мемлекетаралық байланысты күшейтуде үлкен роль атқарады.

...Киіктерді атуды тоқтату жөніндегі ұзақ жолда алғашқы қадам жасалды. Өліде «Дала тәңірісіне» бұрынғыдай көмек керек. Оның нақтылы нәтижесін программаны жүзеге асырудың қортындысын шығаратын 2007 жылы көруге болады.

Толық мәлімет мынада: <http://www.earthwire.org/cache.cfm?aid=96952>

## Ғылыми мақалалар

### Қалмақ Республикасының жабайы жануарлар Орталығы

Арылов Ю.Н.

Қалмақ Республикасының (Ресей) жабайы жануарлар Орталығының директоры

Ақбөкеннің генетикалық әртүрлілігін сақтау мақсатымен және Солтүстік-Батыс Прикаспий территориясында осы аң популяциясының қиын жағдайын ескере отырып, Қалмақ Республикасы Президентінің указымен 2000 ж. Жабайы жануарлардың Орталығы ашылды. Бұл орталықты құру 2002 ж. май айында Элистада ақбөкенді қорғау туралы өткен халықаралық жиналыстың ұсынысын болжап білгеннен туғандай болды. Орталықтың басты міндеттері ақбөкендерді қолда ұстау және өсіру арқылы одан әрі оларды табиғи ортаға жіберу, сондай-ақ ғылыми-білімдік және үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу. Қалмақ Үкіметі питомник үшін Яшкөл ауданының даласынан 800 га жер бөлді. Бұл шара қазірдің өзінде-ақ ақбөкенді табиғи жағдайға жақын ортада өсіруге болады деген сөз. Торлы қораны (вольера) және басқада объектілерді салуда Үкімет және басқа да ұйымдардың көмегімен қатар үлкен көмекті Мюнхен (Германия) мен Денвер (АҚШ) қоғамдық ұйымдары, Тұрақты қауымдастық Институты (АҚШ), ірі шөппен қоректенуші хайуанаттар фондысы (Голландия), АҚШ-тың балықтар мен құстар ұйымы, зоопарктерге көмек көрсету фондысы (Голландия), PTES (Ұлыбритания), TNT Express – халықаралық қызмет атқаратын экспресс (Ресей) және «ИТЕРА» мұнайгаз компаниясы (Ресей) көрсетіп жатыр.

Қазірде әртүрлі жастағы және аталық-аналығы бар 60-қа жуық ақбөкендер жер көлемі 62 га болатын торлы қорада ұсталуда. Орталықта генетикалық, молекулалық және гормональды деңгейде ақбөкенге терең ғылыми зерттеулер жүргізілуде, халықаралық және Ресейлік мәжілістер мен симпозиумдар өтуде. Орталық қызметкерлері әртүрлі жастағы жануарлар үшін азық-рационын жасады; оның ішінде жаңа туған құралайына арналған азық-рационы бар. Бұл туған жас ақбөкендердің сүтпен қоректену кезіндегі өлім-жітімін азайтуға мүмкіндік берді. Бүгінде ақбөкенді қолда өсіру жөнінде үлкен практикалық тәжірибе жинақталды; әртүрлі иммобилизациялық (жансыздандыру) препараттар сынақтан өтуде; ақбөкендерді өсіру технологиясын жақсарту процесі де қамтылуда, жас ұрпақтарын сақтау дәрежесі өсуде; жануарлардың жарақаттар алуы да азаюда.

Орталық Ресейдің ЮНЕСКО «Адам және биосфера» программасы бойынша жұмыс істейтін комитетпен, Ресейдің мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтымен, Ресей Ғылым Академиясының Северцов атындағы экология және эволюция проблемасы институтымен тығыз байланыста жұмыс атқарады. Питомник жағдайында ақбөкенге биохимиялық, серологиялық, бактериологиялық және гельминтологиялық зерттеулер жүргізіледі. Ресейдің ауыл шаруашылық академиясының мал шаруашылығын зерттеу институтында төменгі температурада біздің орталықта жиналған ақбөкен текелерінің тұқымдары банкісі сақталған. Дарвин инициативасы проектісінің міндеттеріне сәйкес біздің Орталықта питомникте ақбөкеннің тіршілік жағдайын зерттеуге барлық жағдай жасалған. Зерттеу жұмыстарына Қалмақ мемлекеттік университеттің аграрлық және биология факультеттерінің студенттері, аграрлық колледж оқушылары және басқа да оқу орындарының студенттері қатысады.

Ақбөкеннің экологиясын зерттеумен қатар, орталықтың қызметкерлері агросистеманың өнімділігін арттыруға бағытталған және «Черная земля» қорығы территориясының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін басқа да ғылыми жұмыстарға да қатысады. Бұл тәжірибенің бірінші кезеңі 2004 жылы орталықтың тәжірибеге арналған жерінде Бүкілресейлік А.Н.Костяков атындағы гидро-техника және мелиорация ғылыми-зерттеу институтымен бірігіп, ЮНЕСКО-ның Мәскеудегі бюросының қаржыландыруымен басталған еді. Бұл «Табиғи жайылымдарды экологиялық қалпына келтіру және өнімділігін арттыру әдістерін тауып ұсыну» атты проектінің нәтижесі қазірдің өзінде аудандық әкімшілікті қызықтырып, келешекте өсімдіктердің тұқымын алу үшін қосымша жер учаскесін пайдалануға мүмкіндік тудырып отыр. Жайылымдардың өнімділігін көбейту жабайы және үй малдары үшін өте маңызды. Жайылымдардың өнімділігін арттыру және онда жабайы әрі үй малдарының бірге жайылуы-жергілікті халықтың әл-ауқатын жақсарту жолындағы бірден-бір жол. Бұл жол Дарвин инициативасы проектісінде де көрсетілген. Біздің орталық ақбөкенді зерттеу мен қорғау жөніндегі бірқатар халықаралық проектілеріне (Дарвин инициативасы, ИНТАС, PTES) негізгі қатысушылардың бірі болып табылады.

Ақбөкеннің европалық популяциясын сақтау ісін жақсарту үшін бұл іске жергілікті халықтың бәрін қатыстыруға жұмылдыру қажет. Сондықтан да мәселені шешу үшін арнаулы орталық ұйымдастыру керек-ақ. Осында адамдар ақбөкен тарихымен, оның таралу, сан мөлшері, пайдалануымен қатар Ресей мен шет елдерде оны сақтау үшін қандай программалар мен шаралар жүзе асып жатқанымен таныс болады. Біздің орталық – Қалмақ Республикасы халықтарын осындай жұмыстармен таныстыратын бірден-бір орын болып табылады. Барлық келушілерді қабылдау және жергілікті тұрғындармен тығыз байланыста болу үшін Ірі шөппен қоректенетіндер фондысы мен АҚШ-тың балық және құстар ұйымының көмегімен келушілер Орталығының құрылысы аяқталды. Бұл Орталық дәстүрлі қалмақтың киіз үй формасында салынған құрылыс. Осында келген жұртшылық ақбөкеннің экосистемада алатын орны және басқа да мәліметтерді ала алады. Жергілікті тұрғындардың әл-ауқатын көтеру мәселесі де сөз болады. Онда ақпарат материалдар мен фотографиялар жинақталады; түрлі фильмдер көрсетіледі. Браконьерлер және табиғатты қорғау заңдылықтары туралы мәліметтер орын олады. Сонымен бірге, қалмақ халқының тарихы және осы Орталықты салу туралы ақпарат материалдары келушілерге баяндалады. Келушілер орталығында жылтымалы экспозиция болады. Онда Қалмақ елінің алыс аудандарында көрсетілетін фотосуреттер, кітапшалар, плакаттар, фильмдер көрсететін аппараттар болады. Қосымша мәліметтер алу үшін Қалмақ Республикасының жабайы жануарлар орталығының директоры Ю.Н.Арыловпен хабарласу керек: [kalmisaigak@elista.ru](mailto:kalmisaigak@elista.ru)



Ақбөкендер төлдеу кезінде питомникте минералдық қоспалар, витаминдер, құнарландырылған азықтар алады. Фото А.Луцекинаникі



Қалмақтың мемлекеттік университеті биология факультетінің студенттері ақбөкеннің күйге түсу кезінде бақылау жүргізуде. Фото А.Луцекинаникі



Яшкөлдің көп салалы гимназияның оқушылары-ақбөкен питомнигінің достары. Фото А.Луцекинаникі

## Ганьсудағы (Қытай) қауіп төніп тұрған түрлерді өсіру орталығында ақбөкенді өсіру

Аили Кан<sup>1</sup>, Сюй Тзэньян<sup>2</sup>

<sup>1</sup>WCS-Қытай, <sup>2</sup>Ганьсудегі (Қытай) қауіп төнген түрлерді өсіру орталығы



Ганьсудегі орталық 1987 жыды құрылған. Ол Цилян (Qilian) тауының солтүстік беткейі мен Тенггер (Tengger) шөлінің оңтүстік-батыс аралығында (37.9°с.ш., 102.9°в.д.) орналасқан (картаны қара). Бұл жер теңіз деңгейінен 1766 м биіктікте орналасқан және жер бедері құмды келеді. Ауа райы континентальды, құрғақ. Өсімдіктердің 116 түрі өседі; олардың көпшілігі *Gramineae*, *Chenopodiaceae* және *Polygonaceae* тұқымдастарына жатады (Liu, 1993, 1996a, 1996b). Орталықтың жер көлемі - 170 мың га. Ол Ганьсу провинциясының облыстық орман шаруашылығы мен Лянчжоу (Ганьсу) ауданының үкіметі қарамағында. Онда 49 адам жұмыс істейді. Ағарту программасын жүргізу үшін музей (жер көлемі – 700 м<sup>2</sup>) салынууда. Орталықта жануарлардың 45 түрі (350 бас) ұсталады. Негізгілері: ақбөкен, Пржевальский жылқысы, жабайы түйе, моңғол құланы (джигетай), тибет құланы (кианг), таңқымұрын алтын түсті маймыл, такин, ақтұмсықты бұғы, теңбіл бұғы, марал, тибет дзерены және көгілдір арқар. Олар ұсталатын торлы шарбақтың көлемі – 5850 м<sup>2</sup>.

Қытайдың дәстүрлі медицина мемлекеттік комитеті мен ҚХР орман шаруашылығының мемлекеттік комитеті ақбөкенді қалпына келтіру мақсатымен оны бұрынғы өзі таралған қоныстарда өсіру (реинтродукция) проектісін жүзеге асыруға кірісті. Ең алғаш рет 1988 ж. Берлин хайуанаттар паркінен (Германия) және Сан Диего хайуанаттар паркінен Орталыққа қолда өсірілген 12 бас жануарларды әкелген еді.

Ақбөкен қолда өсіруді ғылыми зерттеу 1988-1993 және 2001-2003 жылдары жүргізілді. Тіршілік ету ерешеліктері, мінез-құлқы, күйге түсу кезіндегі текелерінің мінез-құлқы мен аналықтарының екіқабат және туу кезіндегі әрекеттері зерттелген (Tan et al. 1994a, 1994b, 1994c, Kang et al. 2001). Бұл уақытта ақбөкендер мөлшері 23x30 м болатын торлы қорада ұсталды, сонда оларды азықтандырды. 1992 ж. торлы қораның көлемін 27 гектарға дейін кеңейтті; соған байланысты аңдар еркін жайылатын болды. 2004 жылдың қысына дейін онда 29 ақбөкен өмір сүрді. 2005 ж. май айында тағы да 16 ақбөкен құралайы тұды. Сонымен, ондағы ақбөкеннің жалпы саны 40-тан асты. Алдағы бірнеше жыл ішіндегі Орталықтың ақбөкенді қолда өсірудегі негізгі бағыттары мыналар: аңының санын өсіру, генетикалық мониторинг жүргізу, қолда туған ақбөкендердің көбеюін зерттеу. Орталық әртүрлі мәліметтермен алмасу және материалдық-техникалық базаны жақсарту үшін түрлі ғылыми және табиғат қорғау ұйымдарымен байланысты күшейтуге тиіс. Қосымша мәліметтерді Аили Каннан (Aili Kang) аласыздар: [yqling@online.sh.cn](mailto:yqling@online.sh.cn)



Ақбөкен текелерінің тіресі. Ганьсудегі аңдарды өсіру Орталығы (Қытай). Фото А. КандікіО

## Гоби-Алтайдағы моңғол ақбөкендерінің жағдайына баға беру

Джоп ван де Власаккер

Ірі шөпқоректілер фондысы



Моңғол ақбөкені (*Saiga tatarica mongolica*) – ақбөкеннің тұртармағы. Моңғол эндемигі. Өткен ғасырдың ішінде моңғол киігінің таралу аймағы 80%-ке қысқарды. Қазірде бұл тұяқты аң тек Батыс Моңғолияда, Кобдо және Гоби-Алтай аймақтарында ғана кездеседі. Моңғол ақбөкені үшін негізгі қауіптер – мекендейтін қоныстарының қысқаруы, үй жануарларымен бәсекестік, мазасыздану факторы, ауа райының қатандығы, еті мен мүйізі үшін браконьерлік. Жақсы жайылымдар мен суаттар үшін үй малдарымен бәсекестік салдарынан ақбөкендер жайылымы нашар мекендерді пайдалануға мәжбүр. Жайылымға шамадан тыс үй малдарын жаю және жазғы ұзақ құрғақшылық ақбөкеннің қысқы жайылымдарының өнімділігін өте төмендетеді, бұл, әсіресе, жұт жылдарында аңдарды азықсыз қалдырады. Сондай-ақ, мүйізі мен еті үшін заңыз аулаудың нәтижесінде аңның бұл тұртармағы жойылып кету қаупінде тұр.

1998-2001 жылдары WWF-Моңғолия Ірі шөпқоректілер – LHF фондысының (бұрын ірі шөпқоректілердің инициативасы) қаржысына жойылып бара жатқан тұртармағын сақтап қалу үшін «Моңғол ақбөкенін сақтау» атты проектіні жүзеге асырды. WWF-Моңғолия жергілікті өкіметтің қолдауына сүйене отырып, ақбөкен мекендейтін жерлерде сомондардың басшылығымен, ақбөкендерді қысқы азықпен қамтамыз етті, оларды тиімді қорғауды қамтамасыз ету үшін 9 адамнан тұратын бригада ұйымдастырды. Бір аңшы-инспекторына 120-140 мың га, жерден тиеді. Браконьерлік байқалмайтын болды, тоқтатылды. Браконьерліктің азаюуы және қысы жылы болған 2000 ж. ақбөкен популяциясының саны 5300-ге дейін жетті. Бірақ 2003-2004 жылдары жүргізілген зерттеулер ақбөкен санының 2003 ж. 1020-ға дейін, ал 2004 ж. – 750-ге дейін қысқарғанын көрсетті. Қазірде оның саны 1550-дей, оның 1500-і бір популяцияда да, ал екіншісі популяцияда 50 бас ақбөкен қалған. Экспедицияда болғанда 1-2 шақырым қашықтықтан 150-дей ғана ақбөкен көрдік. Бақылау кезінде жолда анық адам қызметінің іздері де байқалып қалды.



Ақбөкеннің популяциялық көрсеткіштері өте қатты өзгереді және ол, негізінен, қысқы жайылымның сапасына байланысты. Өйткені, қазірде онда ақбөкендердің бәсекелесі үй малдары көп-ақ. Яғни, ақбөкеннің таралған жерлерінде үй малдарын жаюды азайту қажет. Браконьерлік жолмен аң аулауды тоқтатуды жолға қоюда үлкен шара әсіресе, қолдарында күшті көліктері мен мылтықтары бар бай адамдардың «ермек» үшін браконьерлікпен айналысуын да тоқтату қажет.

Қаржының жетіспеуі себепті инспекторларға 2005 ж. июнь айынан бастап жалақыларыда төленген жоқ. Бұған қарамастан олар өздерінің және жергілікті қауымның мотоциклдерін пайдаланып, өздеріне тиісті участокті қорғауды жалғастыруда. Отының жетіспеуінен мұндай жұмысқа олар айына екі рет шығады. Сондықтан да, инспекторларды мотоциклмен, отынмен, байланыс құралдарымен, арнаулы формалы киіммен, білім беретін материалдармен қамтамасыз ету жағын ойлау керек. Инспекторлар Моңғолияның табиғат мұраларының бірі болып саналатын ақбөкенді қорғауға жақсы дайындалған.

Жергілікті жердегі мүдделі адамдармен өзара қарым-қатынасты нығайта отырып, айтылған проблемаларды шешу мәселесімен айналысу қажет. Соған сәйкес, 2005 ж. WWF-Моңғолия міндеттері мынадай болатын проектін қолдады: 1) моңғол ақбөкенін басқару системасын құру; 2) байланыс және білім стратегиясын дамыту; 3) жергілікті тұрғындар мен мемлекеттік ұйымдарды көтермелеу программасын жүзеге асыру; 4) заңдылық мәселелерді жақсарту.

WWF-моңғолияның табиғат қорғаудағы қимылдары нәтижесінде алынған зерттеулерге сүйене отырып, LHF Гоби-Алтайда моңғол ақбөкенін сақтау проблемасына көмек көрсетуді жалғастыра береді. Осы проект үшін ақша іздеуге кірісті. WWF-Нидерландия қаржы бөлуді бастады, ал LHF мен WWF-Моңғолия проектінің екінші кезеңінің басты бағыттарын анықтады.

Қосымша мәліметтер алу үшін Дж. ван де Власаккеру (Joep van de Vlasakker), хабарласу керек: [joep@largeherbivore.org](mailto:joep@largeherbivore.org); [www.largeherbivore.org](http://www.largeherbivore.org)

## Проектілерге шолу

### Орта Азияда экологиялық жүйелер (Эконет) құру

Ортамаштабы проект GEF-UNEP «Эконет – Орта Азия» аяқталуға жақын. Проект WWF-тың Орта Азиясы программасы бойынша жүзеге асуда. Проекттің мақсаты ерекше қорғалатын табиғи территориялардың негізгі бөлігін, коридорды және буферлік зонаны қамтитын экологиялық жүйелердің схемасын дайындау. Бұл мақсат үшін биологиялық әртүрлілік туралы материалдар, әлеуметтік-экономикалық даму, қазіргі қорғалатын территорияларда жинақталған мәліметтер, ерекше әдістемемен алынған космоста түсірілген материалдар пайдаланылды. Бұл экологиялық жүйенің схемасын арнаулы бекіту келешекте ерекше қорғалатын табиғи территорияларды дамыту мақсатында арнаулы резервтік жерлерді сақтап қалу сияқты проблемаларды көтергенде негіз болып табылады. Мәселен, бұл жүйе келешекте ақбөкеннің негізгі мекендейтін жерлерін және оның қоныс аудару кезіндегі қоныстарын территориялық қорғауға мүмкіндік тудырады.

Рас, алып жатқан жер көлемі өте үлкен территорияларды, мысалы, ақбөкеннің бетпақдала популяциясы үшін, халық шаруашылық пайдаланудан алу мүмкін емес. Олай істеудің керегі де жоқ, өйткені ақбөкендер жазғы және қысқы жайылымдарының арасында үнемі көшіп жүреді ғой. Бұл жағдайда ақбөкендер популяцияларының сақталуы мен тұрақты дамуы мал бағу, орман және аңшылық шаруашылығы және т.б. табиғатты пайдалану формаларына кедергі жасамайды. Жердің белгілі бөлігін арендаға берілуі мүмкін, бірақ оның әртүрлі участоктерінің арасын қоршамау керек. Өйткені, бұл жағдай ақбөкеннің қоныс аударуына кедергі келтіреді.

2005 ж. 4-5 октябрінде Алматыда Эконет проектсі басқармасы комитетінің мәжілісі болды. Онда жұмыстың орындалу барысы, проекттің бітуіне жарты жыл қалуына байланысты атқарылатын жұмыстардың нақтылы жоспарлары талқыланды. Қосымша мәліметтерді WWF-тың Орта Азия программасының директоры О.Б.Переладовадан алуға болады: [OPereladova@wwf.ru](mailto:OPereladova@wwf.ru)



### Қазақстанда «SOS – ақбөкен!» проектсі жүзеге асуда

"Seimar Social Fund" жәрдем көрсететін фондысы Қазақстан даласында ақбөкен популяциясын сақтау үшін "SOS-ақбөкен!" экологиялық программасын жүзеге асыруға кірісті. Проект 2005 ж. июнь айынан бастап АШМ-нің орман және аңшылық комитетіне қарасты өндірістік бірлестік «Охотзоопром» мен БҒМ-нің Зоология институтының қатысуымен іске асуда. Проекттің мақсаты – қорықтар мен ұлттық парктерге, қоғамдық ұйымдарға, аңшылық инспекцияларына ақбөкенді сақтау мен өсіруге бағытталған көмек көрсету. Оның міндеттері – ақбөкенге санақ жұмыстарын тиімді жүргізу мен браконьерлермен күрес жүргізетін отрядтарға көмек беру, айтылып отырған проблемаларды бұқаралық ақпарат құрамдарында кең насихаттау. "SOS-ақбөкен!" программасын орындауға фонд 10 "УАЗ" автокөлігін, жердің жасанды серігімен байланыстыратын құралдарын, рация мен GPS құралдарын сатып алуға бірінші грантты бөлді. Сонымен қатар, "Seimar Social Fund" бірқатар үгіт-насихат шараларын жүргізуді де жоспарлап отыр. Қоғамдық пікірлерді қалыптастыру үшін ақбөкен проблемасы бойынша ғылыми-көпшілікке арналған фильм түсіру, әлеуметтік роликтерді халыққа ұсыну жұмыстарын да жүзеге асыру көзделіп отыр. Қосымша мәліметтерді проект координаторы А.Сағынғалиевадан алуға болады: "Seimar Social Fund" [ali\\_sa2002@mail.ru](mailto:ali_sa2002@mail.ru)

### Солтүстік – Батыс Прикаспийде ақбөкендерді жердің жасанды серігі арқылы бақылау

2004-2005 жылдары Қалмақ Республикасының жабайы жануарлар Орталығы Мэдисон университеті (штат Висконсин) және Чикаго зоологиялық қоғамымен бірлесе отырып, қолда өсірілген 5 ақбөкен текесін жердің жасанды серігі арқылы және жерден бақылайтын шағын экспериментальды проектін жүзеге асырды. Мойындарында радиоқабылдағыштар бар жануарлар табиғатқа жіберілген. Проекттің мақсаты – қолда өсіріліп, кең далаға бос жіберілген ақбөкендердің ортаға бейімделуін және олардың қоныс аударуын бақылау. Жіберілген ақбөкендер өздері мекендейтін жерлерде басқа ақбөкендер тобына қосылып, күйге түсуге қатысқан. Күйге түскеннен кейін олардың бірін қасқыр жеп қойған. Жүргізілген бақылауға қарағанда, осы ақбөкен текесі әртүрлі жастағы 17 ұлғашы ақбөкеннен өзіне топ (гарем) құрған. Қалған төрт теке әзірше тірі, олармен жердің жасанды серігі арқылы бақылау жүргізілуде. Қосымша мәліметтерді Орталық директоры Ю.Н.Арыловтан алуға болады: [kalmsaigak@elista.ru](mailto:kalmsaigak@elista.ru)



Мойнына радиоөшейнік кигізілген ақбөкеннің текесі. Фото Н.Буннефильданікі

## Жарияланған ғылыми жұмыстар

(бұл жұмыстарды жұртшылықтың іздеуіне қолайлы болу үшін қай тілде шықса, сол күйінде беруді жөн көрдік)

Жирнов Л.В., Гунин П.Д., Адья Я., Бажа С.Н. Стратегия сохранения копытных аридных зон Монголии. Под ред. О. Шагдарсурэе. – М., 2005. Т.45. – 323 с.

Книга представляет собой наиболее полную сводку результатов исследований по биологии, экологии, охраны и использования диких копытных Монголии, в частности сайгака. В книге проведен анализ природоохранного законодательства Монголии в историческом плане, рассмотрена современная сеть охраняемых территорий и даются развернутые рекомендации по совершенствованию системы охраны копытных и рациональному их использованию. За дополнительной информацией обращайтесь в Совместную Российско-Монгольскую комплексную биологическую экспедицию [pgunin@online.ru](mailto:pgunin@online.ru)

А. А. Данилкин Полорогие (Bovidae) / Млекопитающие России и сопредельных регионов. М.: Т-во научных изданий КМК, 2005. – 550с.

В монографии представлены сведения о полорогих фауны России и сопредельных стран: филогения, систематика, динамика ареала, численность и факторы ее определяющие, среда обитания, питание, размножение, структура популяций, использование и охрана. Приведена наиболее полная информация о сайгаке. Контакт: Издательство КМК, [kmk2000@online.ru](mailto:kmk2000@online.ru)

Неронов В. М., Луцкеина А. А., Арылов Ю. Н. Экосистемный подход для сохранения и восстановления популяции сайгака в Нижнем Поволжье // Биоресурсы и биоразнообразие экосистем Поволжья: прошлое, настоящее, будущее: Тез. докл. междунар. совещ. – Саратов: Изд-во Саратовского ун-та, 2005. - С. 164-166.

В статье рассмотрены исторические изменения численности и ареала сайгака в Евразии. Для решения задач по его сохранению и восстановлению в Нижнем Поволжье предлагается использовать экосистемный подход, предусмотренный Планом действий, разработанным на Международном совещании в Элисте (2002 г.). Контакт: Неронов Валерий Михайлович, [mab.ru@relcom.ru](mailto:mab.ru@relcom.ru)

Луцкеина А.А., Неронов В.М., Бадмаев В.С., Хлуднеев А.В. Организация территориальной охраны природы и перспективы сохранения сайгака на правом берегу р. Волги // Поволжский экологический журнал, 2005. №1. - С. 80-85.

Для спасения сайгака предлагается создать на территории Правобережья р. Волги экологическую сеть. В рамках этой сети ставятся задачи для взаимодействия различных природопользователей. Контакт: Луцкеина Анна Анатольевна, [mab.ru@relcom.ru](mailto:mab.ru@relcom.ru)

Мелдебекоев А.М., Бекенов А.Б., Грачев Ю.А. Сайгак в Казахстане: состояние и перспективы / Труды Института зоологии МОН РК (зоолого-экологические исследования). - Алматы, 2005. Т. 49. - С. 176-182.

В статье анализируются данные по динамике ареала и численности сайгака в Казахстане с 1994 по 2004 гг. На примере Устьуртской популяции дается описание популяционной структуры и репродуктивного потенциала вида. Для улучшения охраны сайгака авторы рекомендуют усилить мобильные группы охраны, расширить сеть особо охраняемых территорий, организовать разведение животных в неволе, организовать систему экологического мониторинга и др. Контакт: Бекенов Аманкул Бекенович, [terio@nursat.kz](mailto:terio@nursat.kz)

Меджидов Р.А., Каминов Ю.Б., Обгенова О.Б. Местное население о падении численности и возможностях сохранения сайгака в Калмыкии // Степной бюллетень, 2005. № 18. – С. 25-28.

В статье освещены итоги социологических опросов для выяснения отношения местного населения к сайгаку, причин сокращения вида, а так же степени осведомленности населения о мерах по спасению сайгака. Исследование проводилось в Черноземельском, Яшкульском и Юстинском районах Калмыкии. Выявлено, что основной угрозой для сайгака является браконьерство, определены его мотивы и движущие силы. Контакт: Меджидов Руслан Абдулгалимович, [centercep@yandex.ru](mailto:centercep@yandex.ru)

Быкова Е.А., Есипов А.В. Социально-экономические причины сокращения популяции сайгака в Узбекистане и меры по его сохранению // Экологическая безопасность и гражданское общество, 2005. №6. – С. 31-38.

Представлены результаты социологического обследования в ареале сайгака в Узбекистане. Задача исследования состояла в определении причин, уровня и движущих сил браконьерства, отношения населения к сайгаку. В результате общего обследования населенных пунктов в узбекской части плато Устюрт и более детального изучения ситуации на примере поселка Жаслык, было определено, что основной причиной сокращения сайгака является браконьерство со стороны местных жителей ради рогов в прошлом и преимущественно ради мяса в настоящее время. Контакт: Быкова Елена, [esip@ikt.uz](mailto:esip@ikt.uz)

### “SAIGA NEWS” бюллетеніне жазылу

Жылдық жазылу (2 рет шығады): жеке жазушыларға: £10 (US\$20), ұйымдар үшін £50 (\$100) .

Бюллетеннің әрбір нөмеріне жазылуды сұраймыз.

Жазылғандарға бюллетеннің келесі нөмерінде алғысымызды білдіреміз.

Мынадай.....аударылған ақшаның чегін немесе квитанциясын ұсынамын. «Saiga News»-тың шығуына аударылған ақша Imperial College жіберілді.

Мен «Saiga News»-ты мынадай форматта алғым келеді (сол форматты көрсету керек):

- электрондық почта форматы pdf арқылы
- шыққаны туралы электрондық почта арқылы хабарлау, website арқылы
- бюллетенді почта арқылы алу

Ф.И.О.:

Адрес:

E-mail:

Осы бланкті өздеріңіздің төлеген квитанцияларыңмен бірге мына адреске жіберуді сұраймыз: E.J. Milner-Gulland, Division of Biology, Imperial College London, Manor House, Silwood Park, Ascot, SL5 7PY, UK. [e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk)